

«Келісілді»
Атырау облысының
қорғаныс істер жөніндегі
департамент бастығы полковник
полковник __ Б. Акбалиев
«__» _____ ЖЫЛ

«Бекітемін»
Атырау аймақтық дене
тәрбиесі және спортты
дамыту орталығының
директоры __ С.Жекенов
«__» _____ ЖЫЛ

«Менің елім» атты облыстық әскери – патриоттық әндер фестивалінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже «Менің елім» атты облыстық әскери – патриоттық әндер фестивалінің ақтық мәресінің (бұдан әрі – облыстық фестиваль) мақсатын, міндеттерін, өткізу тәртібін және қаржыландыруды анықтайды.

1.2. Әділ қазылар алқасының құрамын Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығы қалыптастырады.

1.3. Облыстық фестивальдің ұйымдастырушылары Ұйымдастыру комитетін қалыптастырады.

2. Облыстық фестивальдің мақсаты мен міндеті:

2.1. Облыстық фестивальдің мақсаты: Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, патриоттық әндерін насихаттау және дамыту бойынша жұмыстардың мазмұнын жетілдіру, мектеп және колледж оқушыларының арасында Отанға деген сүйіспеншілігін, өз Отанын қорғау үшін азаматтық парызын және конституциялық міндетін орындауға жауапкершілікке тәрбиелеу.

2.2. Облыстық фестивальдің міндеттері:

-ән фестивалі негізінде оқушылардың бастамашылдығын және дербестігін дамыту;

-өңірлерде өскелең ұрпақты патриоттылыққа тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жетілдіру және белсендіру;

-аудандар арасында ынтымақтастық пен достықты нығайту.

3. Облыстық фестивальдің шарты

3.1 Фестиваль үш кезеңнен өткізіледі:

1- кезең мектепшілік, колледжішілік;

2- кезең топтық;

3- кезең қалалық, аудандық;

4- кезең облыстық.

3.2. Облыстық фестивальдің ақтық мәресіне аудан-қалаларда өткізілген ән фестивалінде жеңімпаз атанғандар қатысады.

Әр аудандардан (қала) 2 қатысушыдан, облыстық білім беру ұйымдарынан 1 қатысушыдан, әр қатысушы (соло-1 номер) жеке орындайды. Сайысқа

қатысушылар 14-17 жас аралығында, ән міндетті түрде патриоттық жанрда және орындаушы әскери киім үлгісінде болуы шарт.

3.3 Орындаушылар (минусовка) пайдаланылады, аспапта сүйемелдеуші өте сауатты ойнауы тиіс. Байқауға қатынасшылар жеребе бойынша анықталады.

1. Үміткердің орындаушылық шеберлігі;
2. Орындалар әннің тақырыпқа сай болуы;
3. Кәсіби сүйемелдеуге көңіл бөлу (аранжировка);
4. Әнді жанды дауыспен орындау;
5. Сахна мәдениеті мен киім үлгісі;
6. Ән айту мәнері мен дауыс ырғағы;
7. Театрланған қойылымның әнге сәйкестігі (егер болса)

4. Фестивалдің өткізілу уақыты және орны

4.1. Облыстық фестиваль Атырау облысының Атырау қаласында _____ жылдың _____ күні № _____ мектеп базасында өткізіледі. Келу күні _____ жылғы _____, қайту күні _____.

4.2. Облыстық білім беру ұйымдарының, аудандардың, Атырау қаласының білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі қойылған байқауға қатысу туралы өтініш (үлгі бойынша) _____ жылдың _____ дейін келесі мекен-жай бойынша: 060011 Атырау қ., Әйтеке би, 22, Kabinet_nvr@mail.ru электронды поштасына қабылданады, телефон: 8 (7122) 27-24-09.

5. Облыстық фестивальге қатысушылар

5.1. Облыстық фестивальді өткізу орнына дейін жету жолында, іс-шараны өткізу барысында және тұрғылықты жерге қайту жолында қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі үшін жауапкершілік аудандардың, қалалардың білім бөлімдері анықтаған топ жетекшісіне жүктеледі.

Әрбір қатысушы Облыстық фестивальдің өткізу орнына дейін жету кезінде, Облыстық слетті өткізу барысында және тұрғылықты жерлеріне кері қайту кезінде өз заттарының қауіпсіздігіне жауапты.

5.2. Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:

1) білім алушылардың және топ жетекшілерінің Облыстық фестивальдің аудандық, қалалық кезеңдерінің өткізу қорытындысы және Облыстық фестивальге қатысу үшін жолданғаны туралы білім бөлімінің басшысының бұйрығының көшірмесі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ә., туған күні, айы, жылы, сыныбы, оқу орны және білім беру мекемесінің мекен-жайы, тұрғылықты мекен-жайы, телефоны, әннің атауы, композиторы, топ жетекшісінің Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ұялы телефоны,);

3) барлық қатысушылар мен топ жетекшілерінің жеке басын куәландіретін құжаттарының көшірмесі;

4) дәрігердің қолы және мөрімен расталған анықтамасы;

- 5) фотосуреті бар және білім беру ұйымының мөрімен және қолымен расталған оқу орнынан анықтама;
- 6) топ жетекшілерінің іссапар куәліктері;
- 7) қатысушылардың ата-аналарының сенімхаттары.

6. Қаржы шығындары

Қатынасшылардың шығындары (жолы, тамақтану, жататын орны) жіберілген мекеме есебінен.

7. Марапаттау

Жеңімпаз, жүлдегер командалар Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының тиісті диплом, медальдарымен марапатталады.

Ұйымдастыру алқасы
Тел: 27 24 09


Үлгі

«Менің елім» атты облыстық әскери – патриоттық әндер фестиваліне ӨТІНІШ

№ р/р	Аты-жөні, тегі (толығы мен)	Қала, аудан (мектеп)	Туған күні, айы, жылы	Әннің атауы	Авторы, композиторы	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім қашан берілді	Дәрігердің қолы, мөрі	Ұялы тел.
1								

Мекеме басшысы _____
(А.Ж.Т , қолы, мөрі)

**Мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің арасында
«Менің елім» атты облыстық әскери – патриоттық әндер фестиваліне
қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**



(Мектеп, колледждің мөрі бұрышына басылады)

М.О. мектеп, колледж

Т.А.Ә. _____

Туған жылы _____

Оқу орны _____

Мектеп директоры (колледж) _____

(Т.А.Ә. қолы)